

## Медиация институты Қазақстан Республикасының сот жүйесіндегі жана саты

Қуаналиева Г.А.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының докторы Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

[kuanalieva.guldanakz@mail.ru](mailto:kuanalieva.guldanakz@mail.ru)

**Аннотация.** Мақалада Қазақстан Республикасындағы өткізілген сот реформасының кейбір тұстары қарастырылады. Бүгінгі күні сот реформасы аяқталды деуге негіз бар. Сондай-ақ еліміздің тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктерін ескере отырып, қазіргі сот жүйесіне талдау жүргізілген.

**Түйінді сөздер:** сот, сот реформасы, медиация, сот билігі және т.б.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабына сәйкес: «Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды» - делінген [1, 30]. Демек, Қазақстан Республикасында сот төрелігін үшінші билік - сот билігі жүзеге асырады.

Әлбетте біздің қоғам бір орында тұрмайды, ол әрдайым өсу үстінде. Сот жүйесі де заман талабына сай өзгеріп, дамыу үстінде. Осыған орай соңғы жылдары сот саласы көптеген реформаларды жүзеге асырды. Сол реформалар сот төрелігінде орын алатын қайшылықтарды жойып, жүйені одан әрі жетілдіруге бағытталды. Сот реформасын жүргізу ең алдымен адам құқықтары мен бостандықтарын биік дәрежеге шығаруының бірден бір кепілі болып табылады. Ел басымыз Н.Ә.Назарбаев әрбір жолдауында құқық қорғау органдарының қызметін, оның ішінде сот төрелігінің жұмысын дұрыстау, жаңарту басымдықтарына елеулі ынта қояды.

Біздің мемлекетімізде жеделдетілген түрде соттық-құқықтық реформа жүзеге асырылуда, соның ішінде әділсотты дүние жүзілік деңгейге жеткізу міндеті тұр. Қазақстан Республикасы Президентінің 24 тамыз 2009 жылғы № 858 Жарлығымен бекітілген 2010–2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында былай делінген: «Мемлекетіміздегі құқықтық саясаттың ең маңызды бөлігі ол құқықтық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару құқықтарының, сондай-ақ құқық қолданудың өзара байланысқан кешенді жолымен жүзеге асырылады» [2, 2 б.]. Осының барлығы тұрақты түрде қалыптасқан адам құқықтарын қамтамасыз ету механизмін қайта қарауды талап етеді. Қазақстанның саяси-құқықтық даму

тарихындағы саны жағынан үшінші болып табылатын аталмыш жаңа бағдарламалық құжат, мемлекеттің құқықтық жүйесінің болашақтағы онжылдығына негізгі бағыттарды анықтады. Концепцияда Қазақстандық мемлекет пен құқықтың болашақ дамуы туралы ғылыми негізделген болжамдардың отандық және дүниежүзілік тәжірибеде жинақталған оның дамуының қазіргі тенденцияларына негізделген ұлттық құқықтық жүйені жетілдірудің негізгі бағыттары баяндалған. Осының негізінде құқық салалары жетілдіріліп және еліміздің әрі қарай жаңаруының құқықтық негізі ретінде Қазақстандық заңдарының жаңа кезеңі қалыптастырылатын болады.

**Негізгі бөлім.** Қазіргі таңда сот құқықтық реформасы әрі қарай өзінің заңды жалғасын табуда, еліміздің әрбір азаматының өмірі мен қызметін құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету жолында түрлі жұмыстар жүргізілуде. Сот жүйесінде үлкен өзгерістер болды. Жан-жақты жүргізілген сот құқықтық реформасының нәтижесінде сот саласының тәуелсіздігін қамтамасыз етуге тиімді шаралар белгіленді. Сот жүйесін одан әрі дамыту, дербес тәуелсіз сот құру – жүргізіліп отырған сот реформасының басты мұраты.

Сот (судья) - қылмыстық процестің басты субъектісі болып табылады. Сот қылмыстық істерді сотта қарау және шешу жолымен сот әділдігін жүзеге асырады. Сондай-ақ сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы да жүргізіледі. Сот билігін жүргізу алқабилердің қатысуымен де жүзеге асырылуы мүмкін. Соттарда қаралатын істердің көпшілігі азаматтық істер болып табылады. Бұлар - азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, экологиялық, қаржы, салық және ведомствалық бағыныстағы соттардың қарастылығына жатқызылған басқа да құқық қатынастарынан туындайтын даулар болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (ҚРҚІЖК) 7 бабына сәйкес: «сот» - сот билігі органы, Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кіретін, істі алқалық немесе жеке қарайтын кез келген заңды түрде құрылған сот; ал «судья» - сот билігін жүргізуші; осы лауазымға заңда белгіленген тәртіппен тағайындалған немесе сайланған кәсіпқой судья (соттың төрағасы, сот алқасының төрағасы, тиісті соттың судьясы) болып табылады [3, 2 б.].

Сот өкілеттілігі заңмен нақты айқындалған:

1) адамды қылмыстың жасалуына кінәлі деп тануға және оған жаза тағайындауға;

2) адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын не мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдануға;

3) төмен тұрған сот қабылдаған шешімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге;

4) тергеушінің, анықтау органының, прокурордың айыпталушыға, күдіктіге қатысты үйде қамауда ұстау, қамауға алу түріндегі таңдаған бұлтартпау шараларына санкция беруге және олардың мерзімін ұзартуға;

5) сот актілерін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарауға;

б) күзетпен ұсталмаған адамды сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру туралы шешім қабылдауға құқықты.

Сонымен қатар, егер істі сотта қарау кезінде қылмыс жасауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға ықпал еткен мән-жайлар, сондай-ақ анықтау, алдын ала тергеу барысында жол берілген басқа да заң бұзушылықтар анықталса, сот жеке қаулы шығарып, онда заңды бұзудың қажетті шаралар қабылдауды талап ететін осы мән-жайлар мен фактілерге тиісті ұйымдардың немесе тұлғалардың назарын аударады. Егер сот мұны қажет деп тапса, басқа жағдайларда да жеке қаулы шығаруға құқығы бар.

«Соттың қылмыстық процесті жүзеге асырушы органдар жүйесіндегі орнының маңыздылығын түсіну үшін басқа ешқандай органға емес, тек сотқа ғана берілетін өкілетіктердің мазмұнын ескеру қажет. Сондықтан, адамды айыпты деп тануға және оған жаза тағайындауға, адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын не мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдануға, төмен тұрған сот қабылдаған шешімнің күшін тоқтатуға немесе оны өзгертуге тек соттың ғана құқығы бар» [4, 246 б.].

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді. Қазақстан Республикасының Конституциясында судьялар басшылыққа алатын нақты қағидалар белгіленген. Сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.

Істі сот орындарында қарау мен шешу Конституцияның 77-бабында аталған төмендегі принциптерге негізделеді.

- адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;
- бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;
- өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;
- сотта әркім өз сөзін тыңдауға құқылы;
- жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тастаса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;
- айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;
- ешкім өзіне-өзі, жұбайына және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес;
- адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының

пайдасына қарстырылады;

- заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

- қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Қазақстан Республиканың жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары судья бола алады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды. Жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды.

Реформаның құрылымдық бөлігі болып құқық қорғау қызметіндегі олардың тиімділігін арттыруға бағытталған соттар мен құқық қорғау органдары жүйесінің қайта құрылуы болып табылады. Сот корпусының құрылуында биліктің барлық тармақтары мен сот қауымдастығының қатысуымен судьялардың өмірлік тағайындау тәртібі енгізілді.

Сот жүйесі елеулі өзгерістерге ұшырады, әрине, бұл өзгерістер мен толықтыруларды күнделікті тәжірибеде қолдануда облыстық соттардың сот билігін жүзеге асырудағы жауапкершілігі арта түсетініне ешкімнің күмәні болмас. Апелляциялық сатылы сотта тараптардың құқықтарын қорғауға барынша жағдай жасалады, істерді бірінші сатылы соттарға қайта қарауға жолдамай тараптарға тиісті дәлелдерін сотқа табыстап шешім қабылдануға толық мүмкіншілік жасалды. Сонымен бірге, тараптарды сот мәжілістеріне шақыру да бүгінгі заманның байланыстағы барлық жетістіктерін қолданып, ұялы телефонмен хабарлама жолдау және электрондық байланысты кеңінен қолдануға жол ашты.

Сондай-ақ шешім қабылдау барысында тек қарар бөлігін жариялау судьяларға біраз жеңілдіктер алып келетіні жасырын емес. Қабылданған заңға сәйкес кассациялық сот алқасының сот тәжірибесін қалыптастырудағы алар орны ерекше, себебі бірде-бір іс кассациялық сот алқасынан өтпей, Қазақстан Республикасының Бас прокурорына наразылық бергеннен басқа уақытта, Жоғарғы Сотта қаралмайтын болады.

Ата Заңымыздың негізінде «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдары және «Алқабилер туралы», «Медиация туралы» және тағы басқа да заңдар қабылданды.

Заңдарды жетілдіру мақсатында әділ соттың қол жетімділігін қамтамасыз етуге, тұлғаның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қоғам мен мемлекеттің мүдделерін уақытылы қорғау мен қалпына келтіруге бағытталған көптеген нормативтік актілер қабылданды. Осылайша республика соттары ортақ автоматтандырылған ақпараттық-анықтамалық жүйе бойынша жұмыс істейді, бұл сот жұмысшыларының еңбектерін

біршама жеңілдетті, үрдістер өткізу барысында соттармен аудио-видео таспалар қолданылады, ол сот өндірісінің ашықтығын көрсетеді.

2011 жылғы 5 тамызда заңды күшіне енген «Медиация туралы» Заң қабылданды. Ол біздің мемлекетіміздің сот жүйесіндегі басты жаңалықтардың бірі. «Медиация» сөзі - латын тілінен аударғанда делдал, екі тарапты мәмілеге келтіруші үшінші тұлға деген мағынаны білдіреді. Медиация тараптардың ерікті келісім бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиаторлардың жәрдемдесуімен тараптар арасын дағы дауды реттеу рәсімі. Медиацияны, қарапайым тілмен айтқанда, бітімгершілік деп түсінуге болады. Яғни, қандай да бір мәселе бойынша тараптар арасында келіспеушілік туған жеке азаматтар немесе заңды тұлғалар оны соттан тыс, өзара келісім жағдайында шеше алады. Екі арадағы келісім медиаторлар арқылы жүзеге асырылады. Аудан, қала, ауыл әкімдері республика аумағында кәсіби емес негізде медиацияны жүзеге асыратын кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізеді. Медиацияның мақсаты: дауды бітімгершілікпен шешудің екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу.

Медиацияны жүргізу кезінде еріктілік, құпиялық, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы және медиация тараптарының тең құқылығы мен оның рәсіміне араласуға жол бермеушілік қағидаттары сақталуы тиіс. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі. Біздің ата-бабаларымыз бұрын бұл тәсілді тиімді қолданып, түрлі дауды билер соты арқылы бітімгершілікпен шешіп келгендіктен, бұл Заң қазаққа жат емес. Жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу кезіндегі медиация сотқа жүгінгенге дейін де, сот талқылауы басталғаннан кейін де қолданылуы мүмкін. Қылмыстық сот ісін жүргізу барысындағы медиация қылмыстық процессуалдық заңында белгіленген сотқа дейінгі және сотта іс жүргізу мерзімдерінде жүзеге асырылуға тиіс.

Медиация - дауларды шешудің балама жолы. Бұл тәсіл алпауыт елдерде ертеректе қалыптасқан және заңдастырылған. Медиация тәсілін АҚШ, Аргентина, Ұлыбритания, Германия, Аустрия сынды әлемнің алпауыт елдері ертеден бері қолданып келеді. Жалпы, медиация әдісі дүниежүзінде 20 ғасырдың екінші жартысында дами бастады. Ең алдымен АҚШ-та, Аустралияда, Ұлыбританияда, ал кейін ол бірте-бірте Еуропада таралды. Медиацияны қолданудың алғашқы әрекеттері отбасы қатынастары саласындағы дауларды шешу кезінде тәжірибеге енгізілді. Кейін медиация отбасы жанжалдарынан бастап коммерциялық көп жақты жанжалдарға дейінгі даулардың кең шеңберін шешу кезінде қолданылатын болды. Әлемдік тәжірибеде медиацияны заңнамалық бекітудің мысалдары көп. Тиісті актілер АҚШ-та, Аустрияда, Германияда қабылданған. Еуропа комиссиясы Медиатордың кодексін бекітті, ал Еуропалық Одақ медиаторлардың қызметін реттейтін бірқатар директивалар шығарды. БҰҰ-ның халықаралық

сауда құқығы жөніндегі комиссиясы (ПМСІТРАІ) медиация туралы заңның үлгісін әзірледі. Мәселен, АҚШ-та экономика, саясат, бизнес саласында медиаторсыз бірде-бір маңызды келіссөз жүргізілмейді. Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, Ұлыбританияда медиация әдісі өте кең тараған. Тіпті, медиаторға байланыс желісі арқылы кез келген жерден қоңырау соғып, жанжалды сипаттап, өздерінің талаптарын білдіре алады. Германияда бітімгерлер тікелей соттардың жанында жұмыс істейді. Бүгінде бұл мемлекетте медиация азаматтық істерді ғана емес, әкімшілік істер бойынша да қолданылады. Неміс мектептерінің көпшілігінде тұрақты медиация курстары оқытылады. Аустрия - медиаторларды дайындауды және дайындықтың белгіленген нормативтерін реттейтін медиация туралы федералдық заң қабылдаған жалғыз мемлекет. Қытайда даулардың шамамен 30 пайызы соттан тыс тәртіппен шешіледі. Венгрия мен Кореяда тараптар медиация шеңберінде келісімге келіп, оны аралық соттардың (төрешіліктің) қарауы үшін заңда қарастырылған тәртіпте бекітуге құқылы. Мұндай шешім (төрешілік) күшіне ие болса, тиісті тәртіппен орындауға жатады. ТМД елдерінің ішінде медиация туралы заң Молдовада қабылданды.

Көбіне сот шешіміне бір ғана тарап қанағаттанады, екінші тарап сот шешіміне риза болмағандықтан, істі апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыларында қайта қарауға өтініш береді. Аталған сатылардың әрқайсының өзінің уақыт мерзіміне байланысты істерді қарау бірнеше айға, ал, кейбір жағдайларда жылға созылып кетеді. Медиация әдісі арқылы азаматтар уақыт пен қаржы шығындарын үнемдейді. Үлкен өмірлік тәжірибесі, жоғары білімі бар, жасы 25-тен асқан азаматтар, отставкадағы судьялар, прокурорлар медиатор бола алады.

«Медиация туралы» заң бітімгерлік рәсімдер (медиация) институтын ұйымдастыру және оның қызметінің тәртібін белгілейтін бірқатар баптардан тұрады. Заң Қазақстан Республикасының аумағында бітімгерлік рәсімдер институты қызметінің құқықтық негіздерін белгілейді және медиатордың (бітімгердің) қатысуымен дауларды шешу жөніндегі қатынастарды реттейді. Медиатор (бітімгер) – тараптардың дауларын реттеу мақсатында олардың арасында бітімгерлік рәсімдерді (медиация) жүзеге асыратын дербес жеке тұлға. Аталмыш заңның 4-бабы негізінде бітімгерлік рәсімдерді жүргізетін медиатор тараптардың тең құқықтылығы мен әділеттілігін сақтауы тиіс. Басты қағида – еріктілік және медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы. Кез келген уақытта тараптар бітімгерлік рәсімдерді (медиация) жалғастырудан бас тартып, жалпы тәртіппен сотқа жүгінуіне болады. Заңның құпиялығы туралы 8-бабында көрсетілгендей, медиацияға қатысушы тұлғалар бітімгерлік рәсімдер барысында белгілі болған мәліметтерді осы ақпаратты берген тараптың келісімінсіз жария етуге құқысы жоқ. Медиатордың өкілеттілігі туралы заңның 21-22-баптарына сәйкес медиатор тараптармен бірлескен немесе жеке кездесулер өткізуге, қажет болған жағдайда медиатор даудың техникалық аспектілері бойынша сарапшының қорытындысын талап етуге құқылы. Бұл ретте тараптар қорытындыны алуға

байланысты шығындарды өтеуге келісуі тиіс. Егер медиатордың пікірі бойынша бітімгерлік рәсімдерді одан әрі жүргізу, яғни, тараптар арасындағы дауды шешу мүмкін болмаса, медиатор істі жүргізуді тоқтатуға құқылы. Сондай-ақ, медиатор өзінің функцияларын жүзеге асыруына кедергі болатын мән-жайларды білген жағдайда бұл істен өздігінен бас тарта алады. Медиациялық рәсімді өткізудің уақыты мен күні тараптардың келісімі бойынша белгіленеді. Іс соттың қарауында жүргізіліп жатып, тараптардың келісімімен сот шешімі шыққанға дейінгі уақытта тараптар істі қайтарып алып, медиатордың көмегіне жүгіне алады. 23-бап негізінде бітімгерлік рәсімдер келісім жасалған күннен бастап отыз күн ішінде аяқталуы тиіс. Қажет болған жағдайда тараптардың өзара шешімі бойынша бітімгерлік рәсімдерді жүргізу мерзімі отыз күнге дейін ұзартылуы мүмкін. Медиатордың негізгі міндеті – екі тарапты татуластырып, бітістіру, яғни, талапкер мен жауапкер өзара келісімдері арқылы мәміле жасауы. Ол үшін ең алдымен жауапкер өз кінәсін мойындап, талапкермен келісімге келуі керек. 27-бапқа сәйкес медиацияны жүргізу кезінде медиация тараптары қол жеткізген дауды реттеу туралы келісім жазбаша түрде жасалады және оған тараптар қол қояды. Дауды реттеу туралы келісімді медиация тараптары ерікті түрде осы келісімде көзделген тәртіппен және мерзімде орындауға тиіс. Дау-шарды реттеу туралы келісім оған тараптар қол қойған күні ғана күшіне енеді.

Осы занның шығуына заңгерлердің, ғалымдардың, оның ішінде, қоғам қайраткері, біртуар, тұлға – академик С.Зимановтың көп жылғы еңбегінің нәтижесі деп түсінуге болады. Атақты би-шешендеріміздің биліктері, ғалым-заңгерлердің би-шешендер туралы еңбектері осы дарабоз ақсақалдың басқаруымен жарық көрген өте құнды, терең зерттелген «Қазақтың ата заңдары» атты он томдық ғылыми жинаққа кірді. 2008 жылдың 22-23 мамырында Жоғарғы Соттың қолдауымен академик С.Зиманов сот-құқықтық саласындағы проблемаларға, оның ішінде, қазақ билерінің құндылықтарына арналған бұрын-соңды болмаған, шетелдің ғалымдары мен сот-заң саласының көптеген бірінші басшылары қатысқан халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізді. Осы конференцияда С.Зиманов ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерінің бірегейі, билер соты туралы құнды пікірлер айтып, Қазақстанда «Бітімгершілік туралы» заң дайындап, оны қолданысқа енгізу туралы ұсыныс беріп, бұл ұсынысты барлық ғалым-заңгерлер бір ауыздан қолдаған болатын. Міне, осы атқарылған жұмыстардың жемісі – «Бітімгершілік туралы» заң қабылданып, қолданысқа енгізілді.

**Қорытынды.** Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 14 желтоқсан 2012 жылғы «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқын жүзеге асыруы болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру

процесін оңайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылту керек. Жаңа ақпараттық технологияларды белсенді енгізген жағдайда мұны істеу қиын емес. Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей тетіктер қарастыру қажет. Сот билігінің беделі орындалмаған сот шешімдерінен төмендейді. Осыған байланысты, бұл жағдайды түбегейлі өзгерту жөніндегі шаралар қабылдануға тиіс» деп тікелей көрсетілген. Сонымен қатар, Ел басы Президент әкімшілігіне, Қауіпсіздік Кеңесіне Үкіметпен бірлесіп, ведомствоаралық жұмыс тобын құруды және 2013 жылдың екінші тоқсанының аяғына дейін Құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғырту бағдарламасының жобасын әзірлеуді тапсырды [5, 246 б.]. Ел басымыздың Жолдауын алға ұстана отырып, Қазақстан Республикасындағы сот реформасын жоғары деңгейге жеткізуді алға мақсат тұтқан жөн.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: «ЮРИСТ» баспасы, 2007. – 40 бет.
2. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 858 Жарлығы // Егемен Қазақстан 2009 жыл, 28 тамыз, N 281-283 (25680);
3. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі. 13 желтоқсан 1997 ж. – Алматы: Юрист, 2008 ж. – 206 б.
4. Төлүбекова Б.Қ. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы. Жалпы бөлім: Оқулық -Алматы: «Жеті жарғы» 2000. – 416 бет.
5. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 14 желтоқсан 2012 жылғы «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.  
*//www.inform.kz/*



**Куаналиева Г.А.**

**Институт медиации новая стадия в судебной системе Республики  
Казахстан**

**Аннотация.** В статье рассматриваются некоторые аспекты судебной реформы в Республике Казахстан. Дается анализ нынешней судебной системе, а также необходимость учета в процессе реформ исторических, культурных и ментальных особенностей нашей страны.

**Ключевые слова:** суд, судебная реформа, медиация, судебная власть и т.д.

**Kuanaliyeva G.A.**

**Mediation institute a new stage in judicial system of the Republic of  
Kazakhstan**

**Summary.** In article some aspects of judicial reform in the Republic of Kazakhstan are considered. The analysis is given to present judicial system, and also need of the account in the course of reforms of historical, cultural and mental features of our country.

**Keywords:** court, judicial reform, mediation, judicial authority, etc.

**Сведения об авторе:**

**Куаналиева Гульдана Амангельдиевна**

Доктор юридических наук, доцент кафедры «Таможенного, финансового и экологического права» Казахского национального университета им. аль-Фараби

Тел. 8 701 940 00 97

**Kuanaliyeva Guldana Amangeldiyevna**

Doctor of Law, Associate Professor of Customs, Financial and Environmental Law Department in Al-Farabi Kazakh National University

